Қарағанды облысының шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысішілік қаларалық) және қала маңындағы қатынастары бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурсқа қатысу үшін тасымалдауцшылардың тендерлік өтінімдері ұсынылған конверттерін ашудың хаттамасы.

Қарағанды қаласы **2026 жылғы 2 қараша**

1. Конкурстық комиссия келесі құрамда:

Қожанов Мақсұт Жолдыбайұлы	-	«Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ басшысы, комиссия төрағасы
Мұқышев Мерген Мейрамұлы	-	«Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ басшысының орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары
Мақышов Қазыбек Саятұлы	-	«Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ жолаушылар көлігі және тасымалдау бөлімінің басшысы, комиссия хатшысы
Кветинский Игорь Игнатьевич	-	Қарағанды облысының Кәсіпкерлер палатасы Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөлімінің 1-санатты сарапшысы, (келісім бойынша)
Қонақбаев Марат Жолдыбекұлы	-	«Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ заңгері, (келісім бойынша)

2026 жылы 2 қарашада сағат 16:00-де Қарағанды қаласы, Әлиханов к-сі 13, 219 каб. (Қарағанды облысы әкімдігінің ғимараты) мекен-жайы бойынша Қарағанды облысының шығыстары бюджет қаражаты есебінен ұзақ мерзімді субсидиялануға жататын әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (облысішілік қаларалық) және қала маңындағы қатынастары бойынша жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау бойынша ашық тендер негізінде конкурсқа қатысу үшін тасымалдаушылармен тендерлік өтінімдер ұсынылған конверттерді ашу рәсімін жүргізді.

Әлеуетті тасымалдаушылардың ашылмай қайтарылған тендерлік өтінімдері болған жоқ.

Бекітілген мерзімде (2026 жылғы 30 қазан 18 сағат 30 минутке дейін) ұсынылған келесі тасымалдаушылардың:

№	Потенциалды тасымалдаушылар атауы	Адресі	Өтінімді ұсынған уақыты және күні	Құжаттарды тапсырған адамның Т.А.Ә.
1	«Ulytau EXPRESS» ЖШС	Қарағанды қ., Новоселов к-сі, 347 А	14 с.37 мин. 2026 жылғы 30 қазан	Атамбаев Маргулан Нурбаевич
2	«Жолаушылар тасымалы» АҚ	Астана қ-сы, Д.Конаев к-сі, 6, «Б» блогы	15 с.39 мин. 2026 жылғы 30 қазан	Уромбаев Торехан Ергалиевич

тендерлік өтінімдері ашылды және барлық қатысушыларға жарияланды.

Тендерлік өтінімдер конверттерін ашу рәсімінде әлеуетті тасымалдаушылардың келесі өкілдері қатысты:

Атамбаев Маргулан Нурбаевич – «Ulytau EXPRESS» ЖШС директорының орынбасары;

Уромбаев Торехан Ергалиевич – «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Саяхат» филиалының Экономика, тарифтік саясат және пайдалану көрсеткіштері тобының 2 дәрежелі менеджері;

Галиаскарова Назгуль Галиаскаровна – «Жолаушылар тасымалы» АҚ «Саяхат» филиалының аймақтық учаске бастығы.

2. Конкурсты ұйымдастырушы – «Қарағанды облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» ММ:

1) тендерлік өтінімдерді ашу хаттамасының көшірмесін конкурсқа қатысушыларға жіберсін;

2) қол қойылған тендерлік өтінімдерді ашу хаттамасының мәтінін интернет-ресурс арқылы жарияласын.

Комиссия төрағасы: **М. Қожанов**

Төрағаның орынбасары: **М. Мұқышев**

Комиссия мүшелері: **И. Кветинский**

М. Қонақбаев

Комиссия хатшысы: **Қ. Мақышов**

Болмағандар: С. Қуанышбеков (Алматы қ. оқуға байланысты)